

Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департамент құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 қазан 1993 ж. N 1039. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамытуды мемлекеттік реттеу, өндіріс әлеуетінің пайдаланылуын арттыру, тұтыну нарығын қалыптастыру және оны тауарлармен молықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі құрамында Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департамент құрылып, орталық аппарат қызметкерлерінің шекті саны 10 адамға көбейтілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі оны ұстауға қажетті қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департамент туралы ережені бір айлық мерзімде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізісін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі